

4-апта (20.12-24.12.2021 жыл)

№9 «Балдырған» кіші топ

Өтпеді тақырып: «Бізді қоршаған әлем»

Апталық тақырып: Ғажайып қыс

Мақсаты: Балаларды жиһаздар түрлерімен таныстыру, олардың қолдану аясын түсіндіру, киімдер туралы білімдерін кеңейту. Балаларды заттық ортада қасиеттері мен сапасы туралы түсінігін кеңейту. Бідыстарды қарау, зерттеу, ажыратып олардың көлемін, түсін, пішінін, бөлшектерін және бөлімдерін атай білуге үйрету. Балаларға қыс мезгілінің, ауа-райының мезгіліне қарай өзгерістерін бақылауға дағдыландыру.

Міндеттері:

- жиһаздардың қолдану аясымен түсіндіру;
- әр жыл мезгіліне арнап тігілген киімдердің айырмашылығын түсіндіру;
- қызықты қимылды жаттығулар, сенсорлық ойындар ұйымдастыру арқылы түсініктерін кеңейту.
- танымдық сипатта сұрақтар қою арқылы қоршаған ортаға деген қызығушылығын арттыру.

Күн тәртібі	Дүйсенбі 20.12.2021	Сейсенбі 21.12.2021	Сәрсенбі 22.12.2021	Бейсенбі 23.12.2021	Жұма 24.12.2021
Балаларды қабылдау	Балалармен амандасу, тазалықтары мен дене қызуы мен жарاقاتтары жоқ па тексеріп, қабылдау демалыс күндері қалай өткізгендерін сұрау, әңгімелесу.				
Ата – аналармен кеңес, әңгімелесу	Ата-аналармен амандасу. Ата-аналарға балаларды таңертенгі қабылдау уақытынан кешіктірмей әкелулерін сұрау.				
Ойындар (үстел – үсті, саусақ және т.б)	<p>Қимылдық ойын: "Сымсыз телефон". Мақсаты: Есту, есте сақтау қабілеттерін дамыту.</p>	<p>Дидактикалық ойын: "Нені қайда қоямыз?" Мақсаты: әр заттың өз орны бар екенін атып түсіндіру. Балаларды ұқыптылыққа, тиянақтылыққа тәрбиелеу.</p>	<p>Қимылды ойын: "Жапалақ". Мақсаты: есте сақтау қабілетін, ойынға қызылығушылығын арттыру. Барысы: Бір баланы жапалақ, қалған балалар көбелек, құстар болады. "Күн" дегенде балалар дөңгелене көбелек, құстың қимылын жасай ұшады. "Түн" деген кезде барлық бала сол орнында отырып қалады. Жапалақ өз ұясынан</p>	<p>Дидактикалық ойын: "Не жоқ?" Мақсаты: ойынды ойыншықтармен ойната отырып, балалардың ойлау мен есте сақтау қабілеттерін дамыту.</p>	<p>Саусақ ойыны: "Саусақ аттарымен танысайық". Бәріміз қолымызды жұдырыққа жұмайық. Саусақтарымыз бір-бірлеп, сендермен танысқысы келеді. Әрқайсысының өзінің атаулары бар. Қане, танысайық. Бас бармақ балаң үйрек, ортан терек, шылдыр шүмек, кішкене бөбек.</p>

			шығып қимылдап қойған баланы өз ұсына алып кетеді.		
Таңертеңгі жаттығу	Таңертеңгілік жаттығу кешені №4				
Таңғы ас	Тамақты шашпай, ұқыпты ішуге үйрету. Бір-біріне кедергі жасамай орындарына дұрыс, ыңғайлы отыруды үйрету. Тамақтанып болған соң "алғыс" айтуға үйрету.				
Ұйымдастырыған оқу – қызметіне дайындық	<p>Қимылды ойын: "Дыбыс қай жерден шығады?"</p> <p>Мақсаты: Балаларды тәрбиешінің белгісі бойынша қимылдап, ептілікке, кеңістікті бағдарлауға үйрету.</p>	<p>Қимылдық ойын: "Кім кетті?"</p> <p>Мақсаты: балаларды зейінді болуға, зерек, есте сақтай білуге тәрбиелеу.</p>	<p>Саусақ ойыны: Бас бармақтан бастап шынашаққа дейін саусақтардың аттарын бір түгел атап береді. Бас бармақ, балаң үйрек, орган терек, шылдыр шүмек, кішкене бөбек.</p>	<p>Дидактикалық ойын: "Кім не істейді?"</p> <p>Мақсаты: Қажет сөздерді қолдана білуге үйрету.</p>	<p>Қимылды ойын: "Зымыраған көңілді добым".</p> <p>Мақсаты: Ойын сөздерін бірге айтқызы қимыл -қозғалыстарын дамыту.</p>
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰОҚ	<p>1. «Таным» Жаратылыстану Тақырыбы: «Көңілді қыс» Мақсаты: Балалардың қыс мезгілі туралы түсінігін кеңейту, қыс мезгілінің сұлулығын тамашалай білуге, жылы киініп, шанамен сырғанап, аққала жасайтын көңілді қыс мезгілінің ерекшелігін түсіндіру. табиғаттың ерекшелігін сезіне білуге, қоршаған ортамен танысу арқылы баланың ой - өрісін дамыту, Тақырыпқа сәйкес жұмбақ шешкізіп, балалардың зейінін дамыту.</p> <p>Әдіс-тәсілі: түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап,</p>	<p>1. «Денсаулық» Дене шынықтыру Тақырыбы: «Қандай суық қыс деген?» Мақсаты: Балалардың қыс мезгілі туралы білімдерін кеңейту. Қол ұстасып жұппен жүру, бір орында тұрып қос аяқтап секіру, арақашықтығы 50см жерден ересектерден допты тосып алу, дене бітімінің дұрыс қалыптасуына мүмкіндік беретін түрлі бұлшық ет топтарын нығайту.</p> <p>2. «Шығармашылық»</p>	<p>1. «Қатынас» Көркем әдебиет Тақырыбы: «Қыс» (өлең) Абдрахман Асылбеков Мақсаты: Ақын туындыларына қызығушылықты, көтеріңкі көңіл күйді қалыптастыруға баулу. Іс-қимыл әрекеттердің атауы: қалтырайды, ағарады, қар, қыс, үлбіреген, аққала сөздерін қолдану арқылы сөздік қорларын кеңейту.</p> <p>Әдіс-тәсілі: түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап, сергіту сәті,</p>	<p>1. «Шығармашылық» Музыка Тақырыбы: «Ақша қар» К.Қуатбаев, Қ.Ыдырысов Мақсаты: Балаларға Жаңа жыл, Аяз ата, Ақша қар туралы түсінік беру. Ән - әуенге қызығушылығын арттыру, көтеріңкі көңіл – күй сыйлау.</p> <p>Музыкалық – ырғақты қимыл: «Ұлпақарлар»</p> <p>2. «Денсаулық» Дене шынықтыру Тақырыбы: «Аққалаға қонаққа барамыз»</p>	<p>1. «Денсаулық» Дене шынықтыру Тақырыбы: «Аппақ қысым» Мақсаты: Қыс мезгілінің ойындарын әңгімелеуге үйрету. Тәрбиешінің соңынан «шағын топпен» жүру. Алға жылжи отырып секіру. Түрлі бағытта жүгіру «Допты қуып жет».</p> <p>2. «Таным» Құрастыру Тақырыбы: «Аққала» Мақсаты: Қыс мезгілі туралы түсінік бере отырып, әртүрлі көлемдегі дөңгелектерден кеңестікті</p>

<p>сергіту сәті, жұмбақтар шешу, қорытындылау, мадақтау. Қажетті құрал-жабдықтар: тақырыпқа байланысты суреттер</p>	<p>Музыка Тақырыбы: «Ақша қар» К.Қуатбаев, Қ.Ыдырысов Мақсаты: Балалардың есте сақтау қабілеттерін дамыту, ырғақты сезінуге тәрбиелеу. Қыс қызықтары туралы айту. Музыкалық – ырғақты қимыл: «Ұлпақарлар»</p>	<p>жұмбақтар шешу, қорытындылау, мадақтау. Қажетті құрал-жабдықтар: тақырыпқа байланысты суреттер «Шығармашылық» Сурет салу Тақырыбы: «Жапалақтап қар жауды» Мақсаты: Қыс мезгілдері туралы алғашқы түсініктерін қалыптастыру. Бояуды сүйкей жағу тәсілі арқылы жіңішке сызықтар түсіре отырып, жауып тұрған ұлпа қардың бейнесін көк түсті қағазға гуашты пайдалана отырып салуға үйрету. Сурет салу іскерліктерін дамыту, табиғатқа деген сүйіспеншілік сезімдеріне тәрбиелеу. Бояумен ұқыпты жұмыс жасауға тәрбиелеу. Әдіс-тәсілі: көрсету, түсіндіру, қыс мезгілінің ерекшеліктерін айту, сергіту сәті, сұрақ-жауап, гуашьпен жұмыс жасау, қорытындылау, мадақтау. Қажетті құрал-жабдықтар: тақырыпқа байланысты суреттер</p>	<p>Мақсаты: Қыс мезгілінің ерекшелігіне тоқталып, қыс көрінісін көз алдарына елестету. Берілген бағыт бойынша тәрбиешінің соңынан « Шағын топпен » жүру «Аққалаға қонаққа барамыз»Түрлі бағытта жүгіру « Қар жауып тұр ». Түзу қойылған жіптің бойымен жүру.бірлесіп ойнаудың қарапайым дағдыларына тәрбиелеу.</p> <p>дұрыс пайдалана отырып пішіндерді орналастыру, құрастыру. Әдіс-тәсілі: түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап, сергіту сәті, жұмбақтар шешу, қорытындылау, мадақтау. Қажетті құрал-жабдықтар: тақырыпқа байланысты суреттер</p>
---	---	---	---

Серуенге дайындық	Балаларды өз беттерімен реттілікпен киіне білулеріне дағдыландыру. Киімдерінің түймелерін дұрыс түймелеуге, аяқ киімдерін оң киіп, бауларын байлауға, ұқыпты киінуге үйрету.				
Серуен	<p>1.Бақылау: Қастап қалған құстарды.</p> <p>Мақсаты: Қарғалардың қысқы тіршілігін бақылау, басқа құстардың айырмашылығын табу.</p> <p>2.Еңбек: Аула тазалаушыға көмектесу.</p> <p>3.Қимылдық ойын: "Бағдаршам". Мақсаты: жолда жүру ережесін білуге, бағдаршам түсіне қарап жүруге жаттықтыру.</p> <p>4.Жеке жұмыс: Шамильмен "көліктер" туралы әңгімелесу.</p> <p>5.Еркін ойындар.</p>	<p>1.Бақылау: Желді</p> <p>Мақсаты: Табиғат туралы білімдерін толықтырып, жалғастыру, білімдерін бекіту.</p> <p>табиғат құбылыстарына деген қызығушылықтарын қалыптастыру.</p> <p>2.Еңбек: Алаңды қардан тазалау.</p> <p>3.Қимылдық ойын: "Ақсерек, көксерек". Мақсаты: балаларды жылдамдыққа тәрбиелеу.</p> <p>4.Жеке жұмыс: Сезімнен "Қыс қызығы" туралы әңгімелесу.</p> <p>5.Еркін ойындар.</p>	<p>1.Бақылау: Суық торғайды</p> <p>Мақсаты: Балалардың құстар туралы білімдерін толықтыру, салыстыру, талдау, қортынды жасай білу қабілетін дамыту.</p> <p>2.Еңбек: Ауланы бірлесе отырып тазалау.</p> <p>3.Қимылдық ойын: "Қайда жасырынғандығын тап". Мақсаты: балаларға кеңістікті бағдарлай білуге, сезіну қабілеттерін арттыру.</p> <p>4.Жеке жұмыс: Әлжаннан санамақ айтқызу.</p> <p>5.Еркін ойындар.</p>	<p>1.Бақылау: Боранды күн</p> <p>Мақсаты: Желді күнгі қардың қозғалысы туралы түсінік беру.</p> <p>2.Еңбек: Жауған қарды ағаш түбіне үю.</p> <p>3.Қимылдық ойын: "Торғайлар мен мысық". Мақсаты: балаларды аңғарымпаздыққа тәрбиелеу.</p> <p>4.Жеке жұмыс: Інжуден өзі білетін тақпағын сұрап, айтқызу</p> <p>5.Еркін ойындар.</p>	<p>1.Бақылау: Қысқы ағаштар</p> <p>Мақсаты: Ағаштар туралы білімдерін кенейту, оларға қамқорлықпен қарауға тірбиелеу.</p> <p>2.Еңбек: Ауладан құстар үшін алаң аршып, дән себу.</p> <p>3.Қимылдық ойын: "Пингвиндер доп ойнап жүр". Мақсаты: екі аяқпен секіруді күрделендіру, екі аяқ арасына допты қыстырып алға жылжу.</p> <p>4.Жеке жұмыс: Рахманнан өтілген өлең жолдарын жатқа сұрау.</p> <p>5.Еркін ойындар.</p>
Серуеннен оралу	Өз беттерімен шешінулерін, киімдерін рет-ретімен жинауын қадағалау, үйрету. Беті қолдарын жуу, сабындау.				
Түскі ас	Үстел басына қол жуғаннан кейін отыру. Орындыққа өзі отырып, тұру. Өз орындарына ыңғайлы отыруларын ескерту. Қасықты оң қолдарына ұстауға тәрбиелеу. Асты төкпей, мұқият ішуге дағдыландыру. Болған соң майлықты дұрыс қолдана білуге үйрету. "Рахмет" сөзін айтқызу.				
Түскі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. "Ұйқыдағы ару" ертегісін оқып беру.				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Ұйқыдан кейін керілу, созылу жаттығуларын жасау. ауыз қуыстарын, беті қолдарын шаю. Киімдері мен аяқ киімдерін оң киюге үйрету. Түкті кілемше үстімен жүргізу.				
Бесін ас	Тамақ ішу кезінде сөйлемей, тыныштық сақтап тамақтану дағдыларына үйретуді жалғастыру.				

Ойындар, дербес әрекет.	Дидактикалық ойын: "Жер, су, ауа, от". Мақсаты: Балалардың ойлау қабілеттерін дамытып, тез жауап беруге дағдыландыру. Бағыты: «Ауа» дегенде кезде балалар қолдарын жоғары көтереді, «Су» дегенде қолдарын алға созып жүзеді, «От» дегенде қолдарын былғайды, «Жер» дегенде қолдарын төмен түсіреді.	Дидактикалық ойын: "Шамдар". Мақсаты: Қасиеттері бойынша заттарды топтастыруға, түстерді, өлшемдерді ажыратуға жаттықтыру, зейіндерін дамыту.	Қимылды ойын: "Зымыраған көңілді добым". Мақсаты: Ойын сөздерін бірге айтқызып, қимыл - қозғалыстарын дамыту.	Сюжеттік ойын: "Шаштараз". Мақсаты: Балаларды шаштараз ойынымен таныстыра отырып, шаштарын үнемі тарап әдемілеп жүруге үйрету. Шаш өрудің әр түрлі үлгісін көрсету.	Қимылды ойын: "Дыбыс қай жерден шығады?" Мақсаты: Балаларды тәрбиешінің белгісі бойынша қимылдап, ептілікке, кеңістікті бағдарлауға үйрету.
Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	Әлжаннан әңгіменің соңын жалғастырып айтқызу.	Інжуден сөздерге дыбыстық талдау жасап үйрету.	Рахманмен қимыл-қозғалысты дамыту мақсатында ойын ойнау.	Сезімнен таныс бірнеше шығармалардың мазмұнын сұрау.	Шамильден әдеби кейіпкерлердің әрекеттеріне өзінің көзқарасын білдіре білуге дағдыландыру.
Серуенге дайындық	Аяқ киімдері мен киімдерін оң киюге үйрету.				
Серуен	1.Бақылау: Көше көліктерін бақылау. 2.Қимылдық ойын: "Күн мен түн". Мақсаты: балаларды ептілікке, жылдамдыққа баулу. 3.Еркін ойындар.	1.Бақылау: Желді бақылау. 2.Қимылдық ойын: "Ақ коян". Мақсаты: Балаларды көңілді ойынға тарту арқылы қимыл - қозғалыстарын дамыту. 3.Еркін ойындар.	1.Бақылау: Суық торғайды бақылау. 2.Қимылдық ойын: "Торғайлар мен мысық". Мақсаты: Тәрбиеші белгісі бойынша қимыл-қозғалыстарды орындап,ойнай білуге үйрету. 3.Еркін ойындар.	1.Бақылау: Боранды күнді бақылау. 2.Қимылдық ойын: "Маған қарай жүгіріңдер". Мақсаты: Балаларды шапшаңдыққа тәрбиелеу. 3.Еркін ойындар.	1.Бақылау: Қысқы ағаштарды бақылау 2.Қимылдық ойын: "Сұр көжек жуынып жатыр". Мақсаты: Ойын сөздерін бірге айтқызып,барлық балаларды көңілді ойынға тарту арқылы қимыл -қозғалыстарын дамыту. 3.Еркін ойындар.
Балалардың үйіне қайтуы.	Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелесу. Үйде	Баланың бүгінгі жетістігі туралы	Баланың бүгінгі жетістігі, бала	Баланың бүгінгі жетістігі туралы	Демалыс күндері күн тәртібін сақтауын ата-

баланың өзі киініп, өзі шешінуін қадағалап, талап етіп отыруды түсіндіру.	әңгімелеу. Бала тәрбиесіне көңіл бөлуді ескерту.	денсаулығы мен тамағы жөнінде әңгімелесу.	әңгімелесу. Әдептілік сөздерді үйретуін ескерту.	аналардан талап ету.
---	--	---	--	----------------------